


*Қазіргі заманғы
әлеуметтанулық теория*



Әлеуметтанудағы парадигма мәселесі


Кез келген ғылым белгілі бір теориялық жүйелерге сүйеніп қалыптасады. Сол сияқты өзінің қалыптасу сәтінен бастап, социология бірнеше теорияларға негізделіп дамып отырды. Социолог-ғалымдардың әр топтары өздерінің ғылыми бағыт-бағдарына қарай, идеялық мақсат, мұраттарына қарай әр түрлі теорияларды басшылыққа алып отырды. Олардың әрқайсысының өз методологиялық және методикалық принциптік негіздері болды. Міне, сол теорияларға негіз болған басты шарттар мен принциптердің жиынтығын парадигмалар деп атайды. Кең мағынада парадигмаларды социологиядағы теориялық концепциялар деп қарауға болады. Қоғам тұтас әлеуметтік шындық ретіндегі негізгі ережелер мен принциптер әлеуметтану парадигмасына жатады.



Әр парадигма өзіндік талғампаздық сипатымен ерекшеленеді. Олардың қоғамдағы әртүрлі факторларға, адамдардың мінез-құлықтарына талдау жасауда маңызы зор. Барлық социологиялық парадигмаларды қоғамды анализ жасау тәсілдеріне және өздерінің методологиялық принциптеріне қарай үлкен екі топқа бөлуге болады: 1) құрылымдық немесе макросоциологиялық парадигмалар; 2) интерпретативті немесе микросоциологиялық парадигмалар. Бірінші топтағы (құрылымдық) парадигмалар қоғамды тұтас жүйе ретінде, оны ұйымдастыру, қызметтік мәселелерін және дамуын қарастырады. Ал екінші топтағы парадигмалар негізінен әлеуметтік іс-әрекет ретінде адамның мінез-құлқына баса көңіл бөледі

Конфликтологиялық парадигманың өзі үш тармаққа бөлінеді:

- 1) Марксистік,
- 2) Неомарксистік,
- 3) Беймарксистік конфликтологиялық социология.



Бірінші топтағы құрылымдық парадигмаға жататын парадигмаларға тоқталатын болсақ, олар төмендегідей:

Функционалдық (қызметтік) парадигмалар;

Конфликттік (конфликтологиялық) парадигмалар.

Екінші топтағы интерпретативті парадигмаларға жататындар:

Әлеуметтік әрекетті қарастыратын парадигмалар;


Символикалық интеракционизм;

Феноменологиялық парадигма;

Этнометодологиялық парадигмалар.


Әлеуметтанудағы парадигмалы теориялар

Құрылымдық – функционалдық парадигманың өкілдері: Огюст Конт, Герберт Спенсер, Эмиль Дюркгейм, Толкотт Парсонс т.б. Т.Парсонстың еңбектерінде құрылымдық-функционалдық бағыт әзірленді. Жалпы ғылыми әдістерден құрылымдық-функционалдық әлеуметтануда кеңінен қолданылады. Олар қоғамды бір-біріне өзара тәуелді құрылымы бар және қоғамдық бүтінді құрайтын тұтас жүйе ретінде қарастырады. Бұл теорияның өкілдері негізінен қоғамды құрайтын әрбір институттың қызметіне талдау жасай отырып, олардың әлеуметтік жүйедегі тұтастықтың, гармонияның сақталуына қосатын үлесі қандай екендігін анықтап көрсетуді мақсат етеді. Осы мақсатпен олар, мәселен, мемлекеттің қоғамды басқарудағы қызметіне, жанұяның келешек ұрпақты әлеуметтік ортаға дағдыландыру және бейімдеу қызметіне анализ жасауды көздейді. Сондай-ақ, олар қоғамдағы базалық құндылықтарды бекітудегі діннің атқаратын қызметіне анализ жасауға баса назар аударады. Құрылымдық немесе макросоциологиялық парадигманың екіншісі– конфликттік (конфликтологиялық) парадигма. Мұның өкілдері де қоғамды құрылымдық тұрғыдан қарастыра отырып, оның тұтас жүйе екендігін мойындайды. Құрылымдық принципті мойындай отырып, өз теорияларын қоғамның әр түрлі топтық құрылымына, олардың мүдделерінің әр түрлі болуына және бірі екіншісін пайдалану арқылы пайда табу әрекеттеріне талдау жасауға негіздейді.



Марксистік парадигмада экономикалық конфликт, әсіресе, қоғамның үстем және тәуелді топтарға бөлінуінен, сондай-ақ олардың арасындағы, ең алдымен, экономикалық қайшылықтардан туындайтындығына талдау жасауға басты назар аударылған. Социологиялық жүйелері марксистік теорияның ықпалында болған ғалымдарды неомарксистерге жатқызамыз. Дегенімен, олардың кейбіреулері өз көзқарастарын қалыптастырды. Неомарксистер, әсіресе, Маркстің қоғам даму тарихын анықтаудағы экономикалық фактордың маңызды немесе шешуші роль атқарады дейтін көзқарасына қарсы шығады. Неомарксистік парадигманың негізгі өкілдері қатарына Антонио Грамши, П.Уиллис, Инграм Тейлор, П.Уолтон, Дж.Янг, Юрген Хабермас сияқты ғалымдарды жатқызуға болады.

Конфликтік парадигмалар қоғамдағы әлеуметтік топтардың бөліну негізіне және конфликтердің сипатына қарай, марксистік, неомарксистік және беймарксистік конфликтік парадигмаларға бөлінеді.





Франкфурт мектебінің өкілі Юрген Хабармас Маркстен кейінгі әлеуметтік өзгерістерді ескере отырып, Маркстің экономикалық күйзеліс капитализмінің күйреуіне әкеліп соғады деген пікіріне қарсы болады. Хабармас «Капиталистік елдердегі мемлекет өз экономикасына ықпал ете отырып, капиталистік елдердегі экономикалық жүйенің күйзеліске ұшырауын болдырмауы мүмкін» немесе оның қолайсыз жағдайға ұшырау мерзімін белгілі бір ұзақ уақытқа созуы мүмкін деген пікір айтады.

Символикалық интеракционизм концепциясының өкілдері де әлеуметтік әрекетке көңіл бөледі, бірақ бұлар кіші шеңбердегі (әлеуметтік өзгерістер) интеракциялық жағдайларға баса назар аударады. Әсіресе, символдың мәндік, мазмұндық жағына Мид ерекше көңіл бөледі. Адам тағдыры үшін ең құнды нәрсе – мән, мазмұн болып табылады. Әлеуметтік интеракция (өзара әрекет) теориясының авторы Джорж Герберт Мид(1893-1931).


Феноменологиялық парадигма. Бұл социологиялық бағыттың өкілдері адам санасының ішкі мазмұндық жағына баса назар аударады. Яғни, адамның ақыл арқылы сыртқы дүниені түсіну және жіктеу тәсілдеріне баса көңіл бөледі. Адамды және қоғамды зерттеуде олар әлеуметтік әрекетке көңіл бөлмейді, сондықтан адамның мінез-құлқының себептік жақтары қарастырылмайды. Керісінше, олар, ең алдымен, құбылыстың мазмұндық жағын түсінуге тырысады да, ал оның пайда болу себептеріне көңіл аудармайды.

Феноменологтардың пікірінше, адам сыртқы ортаны тек сезім мүшелері арқылы ғана таниды: көру, есту, дәм, иіс, затқа дене мүшелерін тигізу арқылы. Бірақ ол сыртқы ортаны толық түсіну үшін жеткіліксіз болады. Демек, әлеуметтік өмірді тану үшін феноменологиялық жіктеу тәсілдерін зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Феноменолог - әлеуметтанушылар теория әзірлеп жатыр, ол бойынша әрекет етуші индивидтер жасағандықтан әлеуметтану ақиқаты өз табиғатынан жасанды.





Этнометодологиялық парадигма басқаларға қарағанда, біршама жаңа социологиялық концепция болып есептелінеді. 1967 жылы Гарольд Гарфинкель «этнометодология» ұғымын алғаш енгізген болатын. Жуықтап аударғанда «Адамдар қолданатын тәсілдер» деген мағынаны береді. Дәлірек айтқанда, этнометодологтар адамдардың әлеуметтік ортаны тануда қолданатын тәсілдерін зерттейді. Гарфинкель, біріншіден, этнометодологияны қарапайым адамдардың күнделікті өмір-тіршілігіндегі іс-әрекеттерін түсіндіре алуға болатындығын көрсететін тәсілдердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Екіншіден, кез келген әлеуметтік құбылыстар мен әрекеттердің барлығы тең дәрежеде социологиялық зерттеулердің пәні бола алады деп қарастырады. Үшіншіден, ол әлеуметтік жағдайдың өзіндік спецификасын ескеруі керек және оны ресми ғылыми тілмен емес, керісінше, сол жағдайдың өзіндік ерекшелігін барынша толық көрсете алатын ауызекі тілді, тәсілдерді қолдануы қажет деп көрсетеді.




XIXғ. ортасы мен екінші жартысында позитивті-натуралистік дүниетанымдық көзқарастар мен сол кездегі социологияда Батыстың интеллектуалдық жетістіктеріне негізделіп дамыды. Эволюциялық теория XIXғ. екінші жартысында негізгі идеялық климат факторы болды. Эволюция сол кезеңдегі қоғамдық ойлардың дамуына бағыт көрсетуші ретінде, адам мен табиғат тарихы заңдарының бірлігі жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдар әдістерінің көзқарастарына сүйенеді.

Биолого-эволюциялық мектептерде әлеуметтік эволюцияны биологиялық эволюцияның жалғасы немесе бір бөлігі ретінде қарастырды. Осылайша, биорганикалық мектеп әлеуметтік біртұтастылық құрылымына ерекше мән берсе, ал нәсілдік-антропологиялық мектеп- адамға биологиялық табиғаттың әсерін, нәсілдік мінездемелері мен оның қоғамдық өмір генотипіне әсерін қарастырды, әлеуметтік дарвинизм - өмір сүру үшін күрес және табиғи сұрыпталу, географиялық мектеп–географиялық орта мен кеңістіктегі адамдардың таралуы мен орналасуы т.б. мән берді.


Әлеуметтанудағы Чикаго мектебі және қолданбалы әлеуметтану

Әлеуметтанудың XX ғасырдағы негізгі тенденциялары – эмпирикалық әлеуметтанудың дамуынан басталады. Эмпирикалық әлеуметтану деп, нақты зерттеулер жүргізуді, осылардың негізінде арнаулы әдістер қолдану (сұрау, бақылау, тәжірибе) арқылы жаңа фактілерді жинап, талдауды, қорытындылауды айтады. Мұндай нақты зерттеулер 20-30-жылдары АҚШ-та, сонан кейін басқа дамыған елдерде өте қызу жүргізіле бастады. **Адольф-Кетле** (франко-белгиялық статист), **Чарльз Бут** (Англия), **Ульям Томас**, **Флорина Знаниецкий** (поляктар) осы салада еңбек етті. Дегенмен, эмпирикалық нақты зерттеулер теориялық әлеуметтанудың дамуына белгілі бір шамада кедергі жасады, теорияның маңызы мен рөлін төмендетті. Сондықтан теориялық әлеуметтануды қайтадан көтеріп, жаңғырту қажет болды, өйткені әлеуметтік теориялық сұрақтарға уақытында жауап берілмеді. Бұл мәселелерді дұрыс шешуде американдық әлеуметтанушылары **Талкотт Парсонс**, **Роберт Мертон**, **Питирим Сорокин**, т.б. зор еңбек сіңірді.



Әлеуметтік эволюция **У.Сэмнердің** ойынша, ерекше мінездемесі бар, ал табиғи сұрыпталу мен өмір сүру үшін күрес тамаша идея. Әлеуметтік теңсіздік – бұл өркениетті даму кезіндегі қажетті табиғи жағдай. Оны қызықтыратыны адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасынан гөрі олардың іс-әрекеті еді. Қоғам бұл шығармашылық процесі. Салт-дәстүр қызығушылықтар мен мотивтерден туындайды. Соңғыларының ішінде ең бастысы – аштық, жыныстық құмарлық, менмендік, қорқыныш.

Э.Россты әлеуметтік тәртіп пен ынтымақтастық табиғаты қызықтырды. Ынтымақтастықты ол әлеуметтік бақылау, процесс, индивидтер мен топтардың біртұтас ұйымы ретінде қарастырды. Росстың пікірінше, бақылаудың шешуші күшін мойындау құбылысынан іздестіру керек деді. Біріншісінде тәртіп, келісім мен бірқанды, жалпы құндылықтар негізінде, екіншісінде – бақылау жолы арқылы қол жеткізіледі. Соңғысының екі типтен тұратын механизмдері бар: ішкі, дамыған сезімдерге негізделген, сыртқы күш пен авторитетті қолданушы. Біріншісі этикалық байқау мақсатында, екіншісі-саяси жетістіктерге жету жолдары (білім, заң т.б.).



Роберт Парк пен **Эрнест Берджесс** - Чикаго мектебінің келесі ұрпақтар классиктері. Олардың негізгі ерекше көзқарастары – теоретикалық бейімделушіліктері, түрлі зерттеу әдістерінің қосындысы, теоретикалық зерттеулерді эмпирикалық зерттеулермен байланыстыруы, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған проектілерге болжам жасау болып табылады. Қалалық агломерат шеңберінде жергілікті бірлестіктерді әлеуметтік – экологиялық теориялар көмегімен зерттеу үшін «концентрлік зонаның» барлығы туралы (болжам, коземел) ұсынылған болатын. Оның авторы **Э.Берджес**. **Э. Берджес** пен **Р.Парктың** оқулығы эмпирикалық әлеуметтанудың дамуындағы елеулі кезең болды. Онда олар эмпирикалық зерттеулердің өздеріне мәлім принциптері мен әдістемелерінің жиынтығын беруге тырысты.

Жалпы қоғамның өзара байланысын қамтамасыз ететін функцияларды бақылау мен зерттеу үшін **Р.Мертон** құралдардың орташа радиустік әрекет теориясын ұсынды.


Қазақстандық әлеуметтанудың қалыптасуы мен дамуы

Отандық социологияның қалыптасуы едәуір дәрежеде бұл ғылымның кеңестік қоғам дәуірінде дамуымен байланысты. Социология ғылымының осы кезеңдегі қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін атап өтейік.

XX ғасырдың басында Ресейдегі социологияның дамуы өрлеу үстінде болды. 1917 жылғы революцияға дейін мұнда айтарлықтай жоғары интеллектуалдық әлеует қалыптасты. Ол мыналардан көрінді:

а) академиялық социологияның теориялық зерттеулері басым маркстік емес дәстүрінен - Н.И. Кареев, П.А. Сорокин, К.М. Тахтарев және басқалар;

б) саяси күресте социологияны радикалдандыру басым марксистік дәстүрмен - А.А. Богданов, В.И. Ленин, Е.А. Энгель және басқалар.



Ресейде ХХ ғасырдың басында басталған социологияның институттану процесі 1922 жылы Лениннің “Жауынгер материализмнің маңызы туралы” (“О значении воинствующего материализма”) мақаласы жарық көргеннен кейін тоқтап қалды, онда оқыту процесіне коммунистік бақылау туралы мәселе қойылған еді. 1918 - 20 жылдары құрылған социология кафедралары қудалауға ұшырады. Нәтижесінде П.А. Сорокин, Г.Д. Гурвич сияқты және т.б. қоғамтанушы көрнекті ғалымдар елден көшіп кетті, бұл социологияның ғылым ретінде дамуын мемлекеттік жүйенің қадағалауында өмір сүру және ғылыми дәстүрлерін үзіп алу қаупін төндірді. Сонымен қатар, ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы социология белгілі бір дәрежеде жемісті болды. Саяси өкіметтің жаңа түрі орнағаннан кейін өтпелі кезеңдегі революциялық түрленулер нәтижесінде тапсыз социалистік қоғам (буржуазиясыз тарих) - коммунизмнің алғышартын жасау үшін қажет нәрсенің бәрі деп есептелді. Бұл тұрғыдан да кеңестік социология жаңашыл сипатқа ие болды: оның объектісі қоғамдық меншік негізінде құрылатын қоғам болды Қазақстанда 1964 жылы ҚазКСР ҒА Құқық философиясы институтының жанындағы қылмыстың әлеуметтік-психологиялық проблемаларын зерделеу жөніндегі топ ұйымдастырылды, оны заң ғылымдарының кандидаты У.Жекенбаев басқарды. Топ қылмыс социологиясы саласындағы проблемалармен шұғылданды. ғылыми өмірдегі маңызды оқиға КСРО-ға Батыстың көрнекті ғалымдары Р.Аронның, Р. Мертонның, Т.Парсонстің келуі болды


1970-ші жылдары Қазақстанда мына бағыттар бойынша бірнеше социологиялық топтар құрылып, жұмыс істеді:

Ұлттық қатынастардың дамуын басқару проблемаларын зерделеу жөніндегі топ (1970), жетекшісі - Сужиков М.М.;

Ғылыми-техникалық революцияның (ФТР) рухани-идеологиялық салдарларын зерделеу жөніндегі топ (1974), жетекшісі - Черняк В.А.;


Қазақ политехникалық институты жанындағы өнеркәсіптік социология лабораториясы (1975), жетекшісі - Батырбеков М.Б.

Осы даму кезеңінде социология марксистік әдістеме шеңберінде белгілі бір тәжірибе жинақтады. Осы жылдарда қазақстандық авторлардың - С.Н. Соскин, А.А. Рогачев, У.М. Ысқақов, А.Ш. Алтаев, Н.А. Аитов сияқты ғалымдардың социологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша алғашқы ғылыми еңбектері, социалистік қоғамның, еңбек ұжымының, қала мен ауылдың әлеуметтік құрылымы проблемаларын зерделеуге социологиялық зерттеулер әдістерін қолдану жөніндегі әр түрлі әдістемелік ұсынымдары жарыққа шықты. Л.А. Байдельдиновтің, Ө.К. Шеденовтің, Д.А. Доржтің және т.б. еңбектерінде социологиялық ғылымның қолданбалы жақтары қарастырылды. Социологиядағы жеке тұлғаның проблемалары Ғ.Ғ. Ақмамбетовтің, Т.М. Дәуітовтің [24] және т.б. еңбектерінде қаралған.




Қазақстандық социологияның дамуы мен қалыптасуына Нариман Әбдірахманұлы Аитов ерекше үлес қосты. Ол ондаған ғылыми еңбектер, алғашқы жаңа буын оқулықтарын жазған. А.Ә. Аитовтың жаңа еңбектерінің бірі “Тең емес адамдардың теңдігі” марксистік және қазіргі заманғы әдістемелердің өзіндік ара жігін ашушы болды.

Социология ғылымының қолданбалылық маңызы социологиялық зерттеулер нәтижелерінің мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда пайдаланылуынан көрінді. Мемлекеттік органдардың жанынан социологиялық зерттеулерге мамандандырылған орталықтар құрылған және жұмыс істеуде. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет теориялары мен тәжірибелерінің ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан Республикасы Парламентінің Ақпараттық-талдау қызметі, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігінің Талдау және мониторинг орталығы, бұларда нақты-әлеуметтік зерттеулер, кең көлемді жобалар, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалдар мониторингі жүруде.



Социологиялық қызмет көрсету рыногының дамуы қазақстандық саяси және маркетингтік кеңістікте шынайы сипаттамаларға ие болды. Мемлекеттік орталықтармен қатар талдамалық ақпарат беру және қоғамдық сауал салу мен маркетингтік зертеулер жүргізу жөніндегі қызметтер көрсететін бірқатар жеке меншік орталықтар бар: **BRIF Research Group**, **ЦИОМ**, **ЦЕССИ - Қазақстан** салыстырмалы әлеуметтік зерттеулер институты, **БИСАМ-ЦЕНТРАЛ ЭЙЖА**, Алматы тәуелсіз социологтар мен саясаттанушылар ассоциациясы, **КИСЭИП**, **КОМКОН 2-Еуразия** және т.б. Бұл ұйымдардың аймақтық менеджерлер мен интервьюерлер желісі түріндегі құрылымдары, ғылыми-әдістемелік зерттеу базасы, ақпаратты өңдеудің жаңа компьютерлік технологиялары бар. Жеке меншік компаниялардың коммерциялық негізде қызмет ететіндігінен қымбат тұратын жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндіктері бар.



*Назарларыңызға
рахмет*